

## Қарауылкелді орта мектебінде өткізілген Қамқоршылық кеңес отырысының хаттамасы №4

15.05.2024 жыл

Қатысқаны 9

Қатыспағаны: 0

### Күн тәртібінде қаралатын мәселе:

- 1.Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралар, оқу жылының аяқталуына байланысты шараларды ұйымдастыруға, өткізуге қатысу
- 2.Мектеп аумағын абаттандыруға, көгалдандыруға атсалысу
3. Жазғы лагерь жұмыстарын ұйымдастыруға жәрдемдесу
- 4.Білім беру ұйымында қамқоршылық кеңес қызметінің жұмысы, ұйымдастырылуы туралы есеп беру

### Тыңдалды:

Қамқоршылық кеңес төрайымы Г.Елеуова күн тәртібіндегі мәселелермен таныстырып өтті.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша Г.Елеуова хабарлама жасады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралар, оқу жылының аяқталуына байланысты шараларды ұйымдастыруға, өткізуге қатысу кеңес мүшелерінің жұмысының бір бөлігі. Ұстаздарға сыйлық жасауға болмайтыны ескертілді. Оқу жылының аяқталуына байланысты өткізілетін жиындарға қатысып, өз пікірімізді ата – аналарға және оқушыларға жеткізуіміз керек.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша мектептің шаруашылық меңгерушісі А.Елеуов хабарлама жасады. Мектеп ауласын абаттандыру үшін еңбек алаңдары сыныптардан құралатын болады. Әр сынып , бірлестік мүшелері бірлесе отырып өз алаңдарына гүл шоқтарын отырғызады және күтіп – баптау жұмыстарын жүргізеді. Сіздерден өтініш демеушілік есебінен мектеп ауласына қара топырақ төгіп берсеңіздер деп айтқым келеді. Болмаса гүл тұқымдарын сатып алуға көмек берсеңіздер деймін.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша ДТІЖО Ш.Бердіғали хабарлама жасады.

«Қарауылкелді орта мектебі»КММ-нің балалар мен жасөспірімдер арасында жазғы сауықтыруды ұйымдастыруда көп жылдан бері қалыптасып келе жатқан тәжірибесі,өзіндік қолтаңбасы бар.

Жазғы сауықтыру басталғанға дейінгі мерзім ішінде мектептің педагогикалық ұжымында 1-8 сынып оқушыларының жазда бос уақытын дұрыс пайдалы өткізу жөнінде кеңінен даярлық жасау жұмыстары атқарылады.

Лагерьдің негізгі құрамы-мектеп оқушылары. Лагерьге балаларды жинақтағанда аз қамтылған отбасы,көпбалалы отбасы,толық емес отбасындағы балаларға баса көңіл бөлінеді. Сол сияқты зейнеткер ата-аналары бар балалар ,қиын жағдайға душар болған балалар назардан тыс қалмайды.Тәрбиеленушілердің жұмысы лагерь ауысымында жас шамасына қарай 25 баладан жинақталған топтармен іске асырылады.

Мектеп жанындағы сауықтыру лагері балалардың денсаулығын жақсартуға, сауықтыру мәселесі, ой –өрісін дамытып,ойлау қабілеттерін арттыруға, гигиеналық және дене мәдениетін сақтауға; медициналық сақтандыру,спорттық, білім беру; мәдени демалу,күш-қуатын жақсартып, шығармашылықпен жұмыс атқару,азаматтық тәрбие, адамгершілікке, отаншылдыққа баулу, экологияны сақтауға балаларды тәрбиелеу бағдарлама- сын іске асыруға қолайлы жағдай жасау мақсатында ұйымдастырылған.

Сыныптар	I ауысым			II ауысым			Жаздық жолдама
	03.06 – 19.06.2024			24.06 – 10.07.2024			
1-10 сыныптар	Барлығы	Тамақпен	Тамақсыз	Барлығы	Тамақпен	Тамақсыз	15
603	325	40	285	278	43	235	



Мектеп жанындағы сауықтыру лагерінен басқа жаздық жолдама бойынша Ақтөбе қаласында оқушылар демалатын болады. Бұл туралы кезектен тыс кеңес отырысын өткізіп оқушылар талапқа сай іріктелетін болады. Республикалық лагерлерге жолдама санат талаптарына сай оқушылар жетістіктерін ескере отырып жіберілетін болады.

Білім беру ұйымында қамқоршылық кеңес қызметінің жұмысы, ұйымдастырылуы туралы есеп беру жұмысы тамыз айындағы жалпы ата – аналар жиналысында өткізілсін деп кеңес мүшелері бір шешімге келді.

#### **Жарыссөзге шығушылар:**

Р.Ерғалиев - Қамқоршылық кеңес мүшесі, ата –ана

Күн тәртібінде қаралған мәселелерді қолдаймын. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша түсіндірме жұмыстарын әр сыныптың ата аналар жиналысында айтып, түсіндіруіміз керек. Мектеп жанындағы лагерь жұмыстарын жаңа форматта ұйымдастыруды ұсынамын. Есеп беру жиналысының тамыз айына қалуына қарсы емеспін.

Ж.Қоспанова – кеңес мүшесі, ата- ана

Менің ойымша қамқоршылық кеңес мүшелері мектеп жұмысына үнемі қолдау білдіріп отырады. Жазғы тынығу лагеріне баратын оқушыларды да санат талаптарына сай іріктейміз деп ойлаймын. Отырыста көтерілген мәселелерге келісемін. Мектеп ауласын абаттандыру үшін көмектесеміз дегім келеді.











#### **Жоғарыдағы мәселелерді тыңдап, талқылай келе қамқоршылық кеңес қаулы етеді:**

- 1.Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралар, оқу жылының аяқталуына байланысты шараларды ұйымдастыруға, өткізуге қатысу еске алынсын
- 2.Мектеп аумағын абаттандыруға, көгалдандыруға атсалысу шараларына демеушілік көрсетілсін
3. Жазғы лагерь жұмыстарын ұйымдастырылуына қолдау жасалсын
- 4.Білім беру ұйымында қамқоршылық кеңес қызметінің жұмысы, ұйымдастырылуы туралы есеп беру тамыз айына қалдырылсын..Жүрсін

Қамқоршылық кеңес төрайымы:

Хатшысы:

Кеңес мүшелері:

 Г.Елеуова  
 Н. Жүрсін  
 Р. Ерғалиев  
 Б.Абишева  
 Н.Оңғаров  
 С.Әмидан  
 Қ.Аманғалиева  
 Ж.Қоспанова  
 М.Жамаладин  
 А.Түрмұханова